QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY
ULTTYQ MÝZEIÍ

МӘДЕНИ МҰРА

ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ

научный журнал

CULTURAL HERITAGE

science journal

ISSN: 2708-3365

№ 1 (100)

Астана
2023

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

СЫДЫҚОВ Айбек Жексенәліұлы – PhD докторы (алқа төрағасы) (Қазақстан)

АЯҒАН Бүркітбай Ғылманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АРТЫҚБАЕВ Жамбыл Омарұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы – ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ЫБЫРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы – Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

СҰРАҒАНОВА Зүбайда Қабиқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, этнограф (Қазақстан)

БЕКНАЗАРОВ Рақым Ағыбайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЙМҰХАМБЕТ Жанат Әскербекқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ФАЙЗУЛЛИНА Ғалия Шаукетовна – тарих ғылымдарының кандидаты, музейтанушы (Қазақстан)

БИҒОЖИН Ұлан Зейноллаұлы – PhD докторы (Қазақстан)

ШЕГЕБАЕВ Пернебек Шегебайұлы – өнертану ғылымының кандидаты (Қазақстан)

РОМАНОВА Екатерина Назаровна – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Ресей Федерациясы, Саха Республикасы)

АЙТПАЕВА Гулнара Амановна – филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)

СТАВСКАЯ Людмила Георгиевна – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қырғызстан)

АНДРАШ Биро Жолт – антрополог (Мажарстан)

ОСМАН Каратай – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия)

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Музей өмірі / Жизнь музея

«Берел» ғылыми-зерттеу қоры 4
Қазақстандағы археологиялық зерттеулердің жетістіктері 6

Самашев З. Новый памятник раннесакского времени в Восточном Казахстане 8
Чугунов К.В. Раннескифский период в Центральной Азии в русле концепции культурно-хронологических горизонтов: опорные памятники и новые открытия 19
Утубаев Ж.Р. Бәбіш мола кешеніндегі жаңа зерттеулердің кейбір нәтижелері 37
Подушкин А.Н. Қаңлы мемлекетінің жоғары өнерінің сюжеттеріне интерпретация 51
Джафаров Г.Ф. О тандеме неолит – энеолит 71
Джафарова Д. Памятники Карабахской группы Ходжалы-Кедабекской археологической культуры (по материалам курганов Довшанлы – Баллукая – Ахмахи) 83
Серхан Ч. Түркиядағы ЮНЕСКО-ның мәдени мұралары тізіміне енген кейбір археологиялық ескерткіштер.....101
Байтлеу Д.А., Искаков А.Ш., Акшабаева Е.Б. Памятники наскального искусства Мугалжар 107
Дарменов Р.Т. История изучения неолитических памятников северо-восточного Приаралья ... 121
Нағашбекова С.М. Ортағасырлық Түркия қолжазбаларындағы Шу, Талас өңіріне қатысты деректер 127
Шильдебаева Ж. Интересные археологические находки древнего городища Тараз 134
Жунисханов А.С. Из истории археологического изучения и предварительные итоги аварийных раскопок на территории г. Семей 140
Чотбаев А.Е., Ержанова А.Е. Жер шаруашылығымен айналысқан Ақбауыр-III қонысы 147

CONTENTS

Museum life

Research Foundation «Berel» 4
Achievements of archaeological research in Kazakhstan 6

Samashev Z. A new site of the Early Saka time in East Kazakhstan 8
Chugunov K.V. The early Scythian period in Central Asia within the concept of cultural-chronological horizons: leading sites and new discoveries 19
Utubayev Zh. Some results of research in the Babish mola complex 37
Podushkin A.N. To the interpretation of the subjects of the high art of the Kangju state 51
Jafarov G.F. About Neolithic-Eneolithic tandem 71
Jafarova D. Sites of Karabakh group of Khojaly-Gedabek archaeological culture (by the materials of the Dovshanly-Ballukaya-Ahmakhi mounds) …. 83

Serhan C. Some archaeological sıte areas ın UNESCO cultural heritage list in Turkey 101

Baitileu D. A., Iskakov A. Sh., Akshabayeva E. B. Sites of rock art of Mugalzhar 107
Darmenov R.T. History of studying Neolitic sites in the north-eastern Aral region 121
Nagashbekova S.M. Data in the medieval Turkish manuscripts related to the Talas, Shu region 127

Shildebayeva Zh. Interesting archaeological finds of the ancient Taraz settlements 134

Zhuniskhanov A.S. From the history of archaeological studies and preliminary results of emergency excavations on the territory of the city of Semey 140
Chotbayev A.E., Yerzhanova A.E. The settlement of Akbauyr-III, engaged in land farming 147

МӘДЕНИ МҰРА

https://doi.org/10.47500/2023.v13.i1.03

Утубаев Ж.Р.
Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты
Алматы қ. Қазақстан
e-mail: *utubaev_z@mail.ru*

БӘБІШ МОЛА КЕШЕНІНДЕГІ ЖАҢА ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ КЕЙБІР НӘТИЖЕЛЕРІ

Мақалада Сырдарияның ежелгі арнасында б.д.д. I мыңжылдықтың екінші жартысында Шірікрабат археологиялық егіншілік мәдениеті таралған, Бәбіш-мола кешенінде бірнеше жыл жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелері жарияланады. Бәбіш мола б.д.д. IV-II ғғ. шірікрабат мәдениетін тасымалдаушы соңғы сақтардың астаналық орталығы болған. Аталған мәдениет б.д.д. I мыңжылдықтың екінші жартысында Сырдарияның төменгі ағысын мекен ететін көшпелі сақтардың шаруашылығы суландыру жүйесіне негізделіп, отырықшы егіншілік пен бақташылыққа ауысуы барысында пайда болды. Бәбіш мола кешенінде ірі өндірістік керамика орталығы және қала маңындағы қасиетті орын мен жерлеу ескерткіштері ашылды, олардың қысқаша сипаттамасы мақалада келтірілген.

Кілт сөздер: *Сырдария, Шірікрабат археологиялық мәдениеті, қоныс, қалашық, кесене, шаруашылық, материалдық мәдениеті.*

Алғыс: *Жұмыс ҚРБжҒМ «AP09260367* – Сырдария сағасындағы ерте темір дәуірі елді мекендерінің шаруашылығы мен тұрмысы» *жобасы аясында орындалды.*

Кіріспе

Б.д.д. I мыңжылдықтың екінші жартысында ежелгі Сырдария арналарының оңтүстік бөлігінде мәдениетті урбанизациялау үрдісі басталады. Бұл құбылысты суреттейтін ең көрнекті ескерткіш ретінде Бәбіш мола қалашығы мен оның айналасындағы ескерткіштерді алуға болады. Аталмыш кешенде ерте қалалық мәдениетке тән барлық белгілер тіркелген.

Бәбіш мола оазисіне Жаңадария бойында орналасқан Бәбіш мола қалашығы мен Бәбіш мола 2 жерлеу ғимараты және арналарды жағалай орын тепкен елді мекендер жатады. Елді мекендер ендік бағытта 40 км-ді, ал, меридиан бойынша 15-20 км аралығын қамтиды. Бұл аймаққа Б.В. Андрианов 1957-1960 жылдары бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Елді мекендерде керамика және кварцит сынықтарымен жабылған үйінді немесе аласа келген төбелер түрінде кездесетін ғимарат қалдықтары сақталған. Бәбіш мола маңынан жалпы саны 150 елді мекеннің іздері анықталды, олардың жүзге жуығы бір уақытта өмір сүрген болуы мүмкін (Андрианов, 1991: с 110).

Б.В. Андриановтың мәліметтері бойынша Бәбіш мола оазисінің ауданы 10 мың гектарға жеткен. Суару көбінесе жүйе бойынша жүргізілген: өзен – арна – канал – арық. Осы

аумақтағы суару жүйесі Аққырдың қыратынан батысқа және солтүстік-батысқа қарай 20-40 км қашықтықта орналасқан үш ірі арнадан тұрды, осы арналардың ортаңғысы Бәбіш мола ескерткіштер кешеніне өте жақын өтеді. Солтүстік тармақ ежелгі арналар бойымен өтетін меридиональды каналдарды суландырады. Ал оңтүстік тармақ батысқа қарай созылып, орташа аңғары бар үлкен каналмен қосылады. Оны оңтүстік-батыс тобы бар елді мекендермен байланыстыруға болады (Андрианов, 1969: 193).

Бәбіш мола оазисінің орталығында Бәбіш мола бекіністі қалашығы орналасқан. Ол ірі жерлеу-мемориалдық киелі ескерткіш саналатын Шірік Рабат қалашығынан солтүстікке қарай 40 км қашықтықта орналасқан.

Бәбіш мола деп аталатын археологиялық ескерткіштер кешенін алғаш рет 1946-1948 жылдары Хорезм экспедиция жасағы зерттеді. 70-80 шаршы шақырымды алып жатқан аумақтан антикалық дәуірдің әртүрлі ескерткіштері қалашықтар, бекінісі жоқ елді мекендер мен жеке үй-жайлар және жерлеу құрылыстары табылды.

Кейін, 2015 жылы Шірік Рабат археологиялық экспедициясының маршруттық тобы Бәбіш мола кешені мен айналасындағы ескерткіштердің топографиялық түсірілімі жасалып, ескерткіштердегі тұрақты қазба жұмыстары басталды.

Материалдар мен әдістер

Бәбіш мола 1 қалашығы – іргетасы пахсалы шикі кірпіштен тұрғызылған, қалыңдығы 5,3 м болатын бекініс қабырғасымен қоршалған, ерекше пішінді қала (*сур. 1:1*).


Қабырғалары оқ ататын ойықтары бар мұнаралармен күшейтілген. Қала цитаделі солтүстікте орналасқан, оның көлемі 100×100 м. Биіктігі 2 м болатын қабырғаларын жартылай дөңгелек мұнаралармен бекіткен. Қабырғалары мен мұнараларында бір немесе үшеуден оқ ататын ойықтар орналасқан. Цитадельдің оңтүстік-батыс кіреберіс қақпасында «донжон» деген атауға ие болған көлемі 30×30 м болатын қуатты бекініс бой көтерген. Оның қабырғалары 4–5 м биіктікте сақталған. Іші бірнеше бөлмеден тұрады. Бөлмеден-бөлмеге қатынайтын есіктері арка тәріздес көмкерілген. Басты кіретін қақпасы осы жерде болғандықтан жауды күтіп алатын мұнара ретінде пайдаланған (*сур. 1:2*).

Ал қала цитаделінде «үлкен үй» деп аталатын шаршы тектес, жалпы ауданы 44×44 м ғимарат орны сақталған. Қабырғаларының қазіргі биіктігі 1,5 м. Ғимаратты оқ ататын ойықтары бар, мұнаралы қабырғалармен қоршаған, бұл мұнаралар цитадельдің бұрыштары мен кіреберістегі оңтүстік қабырғаның орта тұсын тұтастай қамтыған. Кірер тұста ғимарат дәліз тәріздес екі бөлікке бөлінген.

Қазіргі уақытта, өткен ғасырдың ортасында алынған археологиялық мәліметтерге сүйене отырып, Бәбіш мола ескерткішін тарихи мәдени аймақтың әкімшілік, діни және экономикалық орталығы бар **қала** деп санауға толық негіз бар. Бұл салыстырмалы түрде, бекініс қабырғасымен қоршалған **цитадель** және оған іргелес бекіністі **шахристаны** бар үлкен қалашық. Сондай-ақ, қаланың айналасында қолөнер өндірісінің қалдықтары, діни және жерлеу ғимараттарының қалдықтары бар **рабат** атты кең ауылшаруашылық округ болған. Сондай-ақ, Бәбіш мола шірікрабат мәдениетін тасымалдаушы соңғы сақтардың астаналық орталығы болған.

1957-1960 жылдары Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы Бәбіш мола қалашығына археологиялық зерттеулер жүргізді. Негізгі зерттеу нысаны цитадель болды, онда «донжон» деп аталатын кіреберіс кешені және орталық ғимараттың шығыс бөлігі толығымен қазылған (Толстов, 1952: 16–31; Толстов, 1958: 235–241; Толстов и др., 1960: 15–61; Толстов, 1963: 32–90).

2018 жылы Шірік Рабат археологиялық экспедициясы Бәбіш мола 1 қалашығының цитаделіндегі орталық ғимаратқа тұрақты қазба жұмыстарын бастады (Курманкулов и др., 2019: 301–316). Қазба дәстүрлі түрде Жаңадария бассейніндегі билеуші сарайы болып саналатын монументалды ғимараттың солтүстік-батыс бөлігіне жасалды. Қазба жұмыстары кезінде ғимараттың айналма дәлізінің бір бөлігі және ғимараттың солтүстік-батыс бұрышынан өтетін екі бөлме ашылды. Барлық қабырғалар үлкен форматты шикі кірпіштен салынған: 42×42×12-13 см; 39×40×12 см; 38×39×12 см; 43×44×12-13 см. Айта кету керек, төртбұрышты кірпіштермен қатар тікбұрышты кірпіштер де қолданылған: 47×38×13 см; 45×35×12 см; 49×37×12 см.



1



2

Сур. 1. *1 – Бәбіш мола қалашығының аэро-фотосы; 2 – Цитадель*

Fig. 1. *1 – Aerial photo of the Babish mola settlement; 2 – Citadel*

Қазбаның нәтижесі көрсеткендей ғимараттың өмір сүру уақытын алғашқы және кейінгі деп екі кезеңге бөліп қарастырамыз. Ғимараттың батыс және солтүстік-батыс бөліктеріндегі стратиграфиялық жағдайға қарағанда, бұл екі кезең аралығында біршама уақыт үзіліс болғандығын көреміз. Оған дәлел кейбір бөлмелердің қабырғалары және ішкі құрылыстардың жартылай қирап, қайта жөндеуден өткендігін көреміз.

Жалпы, нысандағы қазба жұмыстары енді басталғандықтан қазірден қорытынды жасауға әлі ерте. Бүгінгі таңда, батыс бөліктің шығыс бөлікке қарағанда орналасуы мен функционалды жағынан өзіндік ерекшеліктері де бар. Алдын ала болжам бойынша, бұл Бәбіш мола 1 қалашығындағы «үлкен үй» немесе сарайдың тұрғын бөлігі болуы мүмкін.

Бәбіш мола 7 қонысы Бәбіш мола қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 5 км, Жаңадария арнасынан бөлініп шыққан кішігірім арнаның бойында орналасқан. Жалпы аумағы 1,6 га – 450×350 м жерді алып жатыр (*сур. 2:1*). Дәл осы аумақта құрылыс іздері және қазіргі тақыр бетінде айқын көрінетін пеш үйінділері сақталған. Елді мекенге алғашқы зерттеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін, бұл жердің қолөнер орталығы екендігі белгілі болды. Қонысқа батыстан ені 15 метр болатын арық-су қоймасы жүргізілген.


Құрылыстар мен қыш күйдіретін пеш үйінділері елді мекеннің оңтүстік бөлігінде көптеп шоғырланған. Арық-су қоймасы дәл осы жерге тартылған. Бетінде керамикалық шлак пен пештің қирандылары анық байқалатын күйдіру пештері жоспарланған ғимараттардан біршама қашықтықта орналасқан және жақын маңда шоғырланған түрлері де кездеседі. Қазіргі уақытта қонысты визуалды зерттеу арқылы 9 күйдіру пештері табылды, алайда олардың бұдан да көп болғаны сөзсіз. Визуалды зерттеу арқылы елді мекеннің оңтүстік бөлігінен қазіргі жер деңгейінде орналасқан 7 құрылыс анықталды, олар кішігірім тұрғын үйлер немесе шеберханалар болуы мүмкін. Оны беткі қабаттан табылған керамикалық сынықтармен, кейбір жерлерде шикі кірпіштен қаланған қабырғалардың контурлары арқылы анықтауға болады.

Жаңадарияның құрғап кеткен арнасының бойында орналасқан елді мекеннің солтүстік-батыс бөлігінен үлкен сарайдың орны анықталды. Бұл тұрғын үй құрылыстары мен пештерден біраз қашықтықта орналасқан. Тіктөртбұрышты шикі кірпіштен қаланған ғимарат қабырғаларының орындары жер бетінде әлі күнге айқын көрініп жатыр. Бұл үй-жайдың оңтүстік бөлігі, ал, солтүстік бөлігі үлкен барханның астында қалған.

1959 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (С.П. Толстов) ескерткіш ретінде картаға енгізген. 2006 жылы Шірік-Рабат археологиялық экспедициясының маршруттық тобы қайта зерттеп, географиялық координаттарын анықтап, суретке түсірді. Кейін, 2015 жылдан бері Бәбіш мола 7 қонысына тұрақты археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп келеді (ШРАЭ, Бәбіш мола археологиялық отряды, отряд жетекшісі – Ж.Р. Утубаев) (Утубаев, Болелов, 2016: 154–162; Болелов, Утубаев, 2020: 69–88).

Қазіргі таңда, тоғыз пештің алтауы ашылды. Нәтижесінде пештердің екі түрі анықталды: шеңберлі және төртбұрышты. Төртбұрышты пештердің көлемдері әртүрлі, ұзындықтары 2–3,5 м дейін болса, ені 2,1–2,7 м жетеді (*сур. 3:1*). Ал шеңберлі пештердің диаметрлері 4,5–5,2 м құрайды (*сур. 3:2*). Биіктіктері 80 см-ден 1 м. Қалыңдығы 0,7-0,8 м болатын қабырғалары жұмбаздалған саздан тұрғызылған. Пештер екі ярусты болған, төменге оттық салса, ал, жоғарғы қабатына ыдыстарды қойып күйдірген. Оған ыстық ауа өтетін ойықтар салынған. Бір пештің өзінде 16 тесікке дейін сақталған. Пештің оттық салатын ауыздары дөңгелек немесе сопақша формада келген, олардың біразы оңтүстікке қаратылған.

Қыш күйдіретін пештермен қатар, айналасында орналасқан шеберханалары да аршылды (*сур. 2:2*). Бірнеше бөлмеден тұратын шеберханалардың қабырғалары, көлемі 0,7х0,9-1 м болатын ірі пахса блоктарынан тұрғызылған. Қазіргі таңда, биіктігі 0,7-0,8 м, ені 0,8-1,1 м сақталған. Жоспары төртбұрышты болып келген бөлмелердің көлемі 2,8-3х2-2,20 м. Сондай ақ, ұсталардың мекен еткен үй-жайына да зерттеу жүргізіліп, үйдің толық бес бөлмесі ашылды. Қабырғаларының максималды сақталуы, солтүстік бөлігінде 1 м-ден асады. Іргетасы саналатын қабырғаның төменгі бөлігінің биіктігі 40-45 см және ені 1,5-1,6 м құрайды. Ашық сұр түсті қабырға пахсадан тұрғызылған. Пахса тікелей барханды құмның қабатына қойылған. Қабырғалардың



1



2

Сур. 2. *1 – Бәбіш мола-7 қонысының топографиялық жоспары;*
2 – 2-қазбаның төбеден түсірілген көрінісі

Fig. 2. *1 – Topographical plan of the Babish mola-7 settlement;*
2 – aerial view of excavation-2



1



2

Сур. 3. *Бәбіш мола-7 қонысы.*
1 – төртбұрыш пішінді қыш күйдіретін пеш;
2 – шеңбер пішінді қыш күйдіретін пеш

Fig. 3. *Settlement Babish Mola-7.*
1 – square pottery kiln;
2 – circular pottery kiln

жоғарғы бөлігі тікбұрышты шикі кірпіштен салынған, кірпіштердің өлшемдері: 48х30х10-12 см; 47х32х10-12 см; 50х37х12 см. Қабырғаның сақталған бөліктерінің ені – 1,4-1,5 м. Бөлмелерден өндіріске пайдаланған үлкен ыдыстар, көзешілердің шарықта айналдыратын тастары табылса, кейбір бөлмелерде ошақтар сақталған. Оның ішінде бір құты мен бір тұтқасыз құмыра, диірмен тастың бөлігі табылды. Ол, бояуды ұнтақтауға немесе басқа да заттарды ұсатуға арналған болуы керек.

Қазба барысында белгілі болғандай Бәбіш мола 7 қонысы б.д.д. III–II ғғ. Шығыс Арал өңіріндегі егіншілік оазис тұрғындарын қыш ыдыстармен қамтамасыз еткен ірі қыш өндіріс орталығы болғандығы дәлелденді.

Бәбіш мола 8. Бұл нысан Бәбіш мола 1 округіне жақын маңда, қалашықтың сыртқы қамал қабырғасынан оңтүстікке қарай шамамен 200-250 м жерде орналасқан. Қазбаға дейін, жер бетінен белгілі бір орталық ғимараттың және оған жақын сыртқы қорғаныс қабырғасының тұрғызылғандығын көреміз (*сур. 4:1*).

Жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде орталық құрылыс толығымен ашылды. Ш-Б қарай бағытталған тікбұрышты ғимараттың көлемі 5,5×3,75 м. Ені 0,9 см болатын ғимараттың ауызы солтүстік-батыс бұрышта. Құрылыстың шығыс және батыс қабырғасы екі кірпіштен тұрғызылған, ені – 0,8-0,9 м; солтүстік және оңтүстік қабырғасы бір кірпіштен көтерілген, ені – 0,5 м. Ғимараттың орталық бөлігінен төртбұрышты (1,35×1,5 м) құрбандық үстелі (алтарь) ашылды. Ол өлшемдері 45×49×12 см; 44×45×12-13 см; 43×39×12 см. болатын шикі кірпіштен қаланған (*сур. 4:2*).

Нысанның солтүстік-батыс бөлігіндегі жекелеген аумақтан ескерткіштің қорғаныс қабырғасы және тікбұрышты пішінде келген солтүстік-батыстағы мұнара контурларының іздері ашылды. Қабырғаның төменгі бөлігі пахсадан тұрғызылса, ал, жоғарғы жағы шикі кірпіштермен өрілген.

Бәбіш мола 8 нысанын қазу барысында орталық ғимарат тұрғын үй ретінде қолданылмаған деп айтуға болады. Себебі мұнда тұрмыстық немесе шаруашылыққа пайдаланылатын ошақтар табылмады. Оны тұрғындардың өмір сүруі туралы куәландыратын мәдени қабаттың мүлдем болмауы дәлелдейді. Ғимараттың орталық бөлігіндегі шаршы кірпіштен соғылған мінбер ерекше назар аударуға тұрарлық. Оның бетінен жану іздері табылған жоқ, сондықтан оның құрбандық шалу орны болуы екіталай, алайда бұл орын белгілі бір рәсімге арналған қала сыртындағы ғибадатхана болса керек (Утубаев, Болелов, 2019: 159–170).

Жерлеу ескерткіштері

Шірікрабат мәдениетінің жерлеу ескерткіштерін – топырақ үйіндісінен тұрғызылған қорғандар, жерүсті кесенелер және жер астындағы қарапайым шұңқырлар мен лақаттар деп үшке топтастырамыз. Бүгінгі таңда Бәбішмола оазисінде екінші топқа жататын жерлеу ескерткіштерінің онға жуығы белгілі болып отыр. Бір-бірінен оқшау жатқан олар, әдетте, қоныстардан 0,5 шақырымнан бірнеше шақырымға дейін қашықтықта орналасқан. Сыртқы келбетіне қарай оларды екі типке бөлуге болады. Шаршы және дөңгелек пішінді болып келген олардың ішкі жобалық принципі мен негізгі құрылыстық әдістері бірдей.

Сондай ескерткіштің бірі аталмыш топтың екінші типіне жататын Бәбішмола оазисі аумағындағы жерлеу кесенелері.


Ақшұқыр кесенелер тобы. Бәбіш мола қалашығынан батысқа қарай 16 км қашықтықта орналасқан. Жергілікті жерден 3 кесене тіркелді. Олардың барлығының пішіні – дөңгелек тәрізді, диаметрлері 12-25 м, биіктігі 1,2-5 м. Ескерткішке тұрақты қазба жұмыстары 2019 жылы басталған болатын. 2019-2020 жылдар аралығында екі кесене қазылды (Утубаев и др., 2022: 31–46).

1-кесене диаметрі 12 метр болатын дөңгелек ғимарат, екі секторға бөлінген. Сақталған биіктігі 1,02 м. Бұл ескерткіш сазды стилобат үстіне салынған. Кіретін ауызы батыс және шығыс қабырғаларда кездеседі. Қабырғаларының қалыңдығы 1,2-1,7 м, олар пахса блоктарынан және шикі кірпіштерден араластырылып салынған.

Кесенеде негізгі құрылыс материалы ретінде тікбұрышты кірпіш пайдаланылған. Оның өлшемі негізінен 40-45х30х10 см немесе одан үлкен болып келеді. Кірпіш өсімдік қоспасымен иленген саздан жасалған. Шикі кірпіштің бұл өлшемі шірікрабат мәдениетінің синхронды ескерткіштерінде кеңінен қолданылды. Қабырғалар ежелгі



1



2

Сур. 4. *Бәбіш мола-8 ғибадатханасы.*
1 – ескерткіштің төбеден түсірілген көрінісі;
2 – ескерткіштің жоспары

Fig. 4. *Sanctuary Babish mola-8.*
1 – top view of the site;
2 – plan of the site

жер бетінің деңгейінен 40 см-ге көтерілген құмды платформаға салынған. Жерлеу құрылысы ежелгі уақытта қатты тоналған, бірақ солтүстік-батыс және оңтүстік-батыс секторларынан кейбір археологиялық артефактілер табылды. Бұл жерден бірнеше адам мүрдесінің нашар сақталған қалдықтары, сондай-ақ, керамикалық ыдыс пен қола бұйымның фрагменті анықталды.

Кесененің батыс секторынан көлденең және ұзыннан қойылған бірнеше тақтайшалардан тұратын ағаш зембілдің қалдықтары табылды. Тақтайшалардың ұзындығы 1 м, ені 5-8 см, қалыңдығы 3 см. Зембілде немесе торлы табытта жерлеу Еділ бойында да, Орта Азияда да, кем дегенде б.д.д. IV ғ-дан бастап белгілі.

Ағаш зембілден керамикалық ыдыстың төменгі бөлігі; қолмен жасалған қыш құмыра, тікбұрышты керамикалық шырағдан, керамикалық ұршықтың басы, саз ядро, қайрақ тастар, темір пышақтың сынығы, ақ тас пен сердоликтен жасалған моншақтар табылды.

2-кесене бұл дөңгелек пішінде, диаметрі 17,5 м және биіктігі 2-3 м болатын құрылым. Ескерткіш сазды стилобатқа тұрғызылған. Кіретін жері солтүстік-батыс және оңтүстік қабырғада кездеседі. Олардың ені 1,60 м және 1,8 м. Кесене қабырғаларының қалыңдығы 1,2-1,7 м. Пахса блоктарынан және шикі кірпіштерден тұрғызылған (*сур. 5:1*).



1



2

***Сур**. 5. 1 – Ақшұқыр кесенесі;*
2 – Егістік кесенесі

***Fig. 5.** 1 – Akshukyr mausoleum;*
2 – Yegistik mausoleum

Ғимарат Ш-Б қарай бағытталған қабырғамен екі бөлікке (бөлмеге) бөлінген. Бөлмелер арасындағы өту жолының ені 1,65 м құрайды. Оңтүстік бөлменің батыс бөлігін тазалау кезінде көлемі 4х1,5 см және биіктігі 20-60 см төртбұрышты, көлемі 42х28х8; 38х30х8; 45х30х10 см болатын шикі кірпіштен қаланғаны анықталды. Біздің ойымызша, *бұл* құрылыс үстіне ыдыс-аяқ қоюға арналған құрбандық шалу үстелі «алтарь» болған. *Ол* оңтүстік-батыс қабырғадан 1,7 м және ішкі қабырғадан 1,2 м қашықтықта орналасқан. Құрбандық үстелінің бұрыштары СО-БШ бағытталған. Осыдан оңтүстікке қарай адам сүйегінің қалдықтары кездессе, *ал*, бөлменің шығыс бөлігіндегі солтүстік-шығыс бұрышында нашар сақталған кісі сүйегінің төменгі бөліктері сақталған. Сондай-ақ, кісі сүйегінен төмен ұзындығы 80 см, *ал* ені – 20-25 см болатын былғарыдан дайындалған ыдыс табылды. *Бұл* мес сусын құюға арналған торсықтың қызметін атқарған болуы мүмкін.

Жерлеу құрылысының ежелгі уақытта тоналғандығына қарамастан *бұл* жерден: темір пышақ, темірден жасалған қорамсақ ілмек, тас және керамикалық ұршықтың басы, екі түрлі моншақтар, сыртынан өрнектелген сүйек бұйым, мата бөлігі – өте жұқа мата кездесті. Жерлеу бұйымдарының арасында рәсімдік қыш ыдыстар да табылды.

2020 жылы *Егістік кесенесі* қазылды (Утубаев и др., 2022: 31–46), *ол* Бәбіш мола қалашығынан оңтүстікке қарай 20 км қашықтықта орналасқан. *Бұл* кесененің пішіні дөңгелек, диаметрі – 12,5 м, биіктігі 14 м-ден жоғары. Құрылыстың ішкі кеңістігі төрт секторға бөлінген. Ішкі крест тәрізді қабырғаның ұзындығы 11,5 м , *ал*, қалыңдығы 1,55х1,65 м (*сур. 5:2*). Құрылыстың секторлары өзара *дәліздермен* жалғанған. *Дәліздің* ені солтүстік-батыстан оңтүстік-батысқа қарай 1,5 м, оңтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 1,4 м, оңтүстік-шығыстан солтүстік-шығысқа қарай 1,45 м-ді құрайды. Бөлменің еденінен қамыс қабаттары анықталды. Кісіні жерлеу еденде, зембілде немесе ағаш тұғырларда жүргізілген. Жерлеу орындары тоналып кетсе де, жақсы сақталған керамикалық ыдыстар, шырағдан, қыш ұршықтың басы анықталды. Айна, ағаш ыдыстардың, темір пышақтың сынықтары, алтын алқа, сүйек және темір жапсырмалар, темір жебе ұшы, қайрақ тас, тас және шыныдан жасалған моншақтар табылды. Сонымен қатар, тоқыма мата мен өсімдік талшықтарынан тоқылған арқан бөліктері де кездесті.

Кесенелерді зерттеу көрсеткендей, олардың едәуір бөлігі қайта салынудан өткен және бірнеше рет жерлеуге пайдаланылған. Сондай-ақ, сол жерлеу құрылысына мәйіттерді ағаш табыттар мен зембілдерге жерлеу рәсімдерін жүргізген.


Материалдық мәдениеті

Біздің заманымызға дейін жеткен Шірікрабат мәдениетінің, оның ішінде, Бәбіш мола кешенінің ең бір көрнекті материалдарын негізінен *қыш ыдыстар* құрайды. Қалашықта, қоныста және жерлеу ескерткіштерінде жүргізілген қазбаларда хронологиялық тұрғыдан үш топқа бөлуге болатын қыш ыдыстар табылды. Оларды жасалу технологиясы бойынша екі түрге: 1) күнделікті тіршілікте пайдаланатын, асханалық ыдыстар; 2) шаруашылық ыдыстар; 3) ас үйлік ыдыстар деп бөлуге болады.

Біздің қолымыздағы деректерге қарағанда Бәбіш мола 7 қонысына жүргізілген қазба бойынша *бұл* дәуірдегі ыдыстардың 32,4 пайызын күнделікті тіршілікте пайдаланатын асханалық ыдыстар құрайды. Шамамен 7 мыңдай коллекциясы бар Бәбіш мола 7 қонысындағы ыдыстардың ішінде қыш құмыралар, қазандар, тостаған, кеселер, табалар, т.б. бар (Утубаев и др., 2020: 157–168). Қыш құмыраның тағы бір түріне – сыртына қызыл ангоб жағылған құтыларды жатқызуға болады. Олардың 3 түрі бар. Пішіні жағынан олар Парфия немесе Хорезм ескерткішінен табылған құтыларға ұқсас, бірақ Хорезмнен айырмашылығы бұларда ою жоқ. Жерлеу орындарынан аздап кездесетін құмыралар, құтылар, шырағдандар да бар.

Табылған қыш ыдыстарды талдай келе, шарық көмегімен дайындалған ыдыстар тоқсан пайыз, жапсырма әдісімен жасалған ыдыстар он пайызды құрайды.

Сәндік және әшекей бұйымдары. Әшекей бұйымдарының көпшілігі Егістік (*сур. 6*), Ақшұқыр кесенелерінен анықталды. *Бұл* жерлерде сүйек пен мыстан жасалған антикалық пиксидтер түріндегі ағаш ыдыстардың қалдықтары (Егістік), сүйектен жасалған белдік тоғалары, қоладан жасалған



Сур. 6. *Сәндік және әшекей бұйымдары*

Fig. 6. *Jewelry and accessories*

айналар кездеседі. Сондай-ақ, алтын сырғалар, жүзіктер, алқалар, түйреуіштер және т.б. бар. Әсіресе моншақтардың түрі өте көп: шыныдан (ақ, қызыл көздері бар, үлкен көк моншақ), тастан жасалған көптеген кішкене бисерлер, яшма, гагат, янтарь, халцедон, ақ өрнегі бар қара тастар, т.б. табылды. Осы заттардың жартысына жуығы ерте сарматтық ескерткіштерде (прохоров кезеңі) де кездеседі, ал, ағаш пиксидалар қалпы жағынан Солтүстік Қара теңіздің сүйек бұйымдарына өте ұқсас. Көптеген әшекей бұйымдары аналогиялық жағынан Еділдің төменгі ағысы мен Оңтүстік Орал бойындағы ерте сарматтар кезеңімен сәйкес келеді (Мошкова, 1963: 45). Ал Егістіктен табылған сырғалар Месопотамия мен Иран аймағынан анықталған сырғалармен өте ұқсас (*Литвинский*, 1973: 42). Сонымен қатар, Мунчак-Тепе (Өзбекстан) ескерткішінен сырға дайындайтын қалыптардың табылуы, аталған әшекейдің Орта Азия жерінде де таралғандығын көрсетеді.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Бәбіш мола кешеніндегі кейбір археологиялық қазба материалдары ескерткішті б.д.д. IV-II ғғ. мерзімдеуге, яғни, Шығыс Арал өңірінде өмір сүрген халықтардың материалдық мәдениеті мен жерлеу дәстүрінің кейбір қырларына жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Қазба жұмыстары барысында алынған ақпараттар сол дәуірдің жерлеу-ғұрыптық дәстүрін, шаруашылық және әлеуметтік құрылысын толығымен қалпына келтіру мәселелері бойынша мүмкіндігімізді кеңейте түсті. Зерттелген жерлеу құрылысы материалдық мәдениетінің ортақтығын көрсете отырып, Шығыс Арал өңірінің көне тұрғындары жерлеу ғұрыптарымен ерекшеленетін бірнеше тайпаларға немесе руларға бөлінген деген жорамал айтуға болады. Сонымен қатар, зерттеліп жатқан аймақтағы тұрғындардың жерлеу дәстүріндегі ерекшеліктер этникалық емес, әлеуметтік сипатта болуы мүмкін екендігін де теріске шығармаймыз.

Әдебиеттер

1. Андрианов Б.В. Древние оросительные системы Приаралья. – М: Наука. 1969. – 252 с.

2. Андрианов Б.В. Из истории орошения в бассейне Аральского моря // Аральский кризис. М: Ин-т этнологии и антропологии им. Н.Н. Миклухо-Маклая, 1991. – С. 101–122.

3. Болелов С.Б., Утубаев Ж.Р. Гончарное производство на территории древней дельты Сырдарьи в эпоху античности: новые данные // ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ № 1 (7). 2020. – С. 69–88

4. Курманкулов Ж., Болелов С.Б., Утубаев Ж.Р. Археологические исследования на городище Бабиш-Мулла 1 в 2018 г // «Маргулановские чтения-2019». Материалы Международной археологической научно-практической конференции, посвященной 95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А. Акишева. – Нур-Султан, 2019. – С. 301–316

5. *Литвинский* Б.А. Украшения из могильников Западной Ферганы // Могильники Западной Ферганы. III. М.: 1973. 211 с. + 19 табл.

6. Мошкова М.Г. Памятники прохоровской культуры. – М.: Изд-во АН СССР, 1963. – 56 с. + 32 табл.

7. Толстов С.П. Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция АН СССР 1945–1948 гг. // ТХЭ. – М.: Академия Наук СССР, 1952. Т. I. – С. 16–31.

8. Толстов С.П. Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция 1955–1956 гг. // СА. 1958. № 1. – С. 106-134.

9. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М.: Восточная литература, 1962**а**. – 322 с.

10. Толстов С.П. Результаты историко-археологических исследований 1961 г. на древних руслах Сырдарьи // СА. 1962**б**. № 4. – С. 124–148.

11. Толстов С.П., Воробьева М.Г., Рапопорт Ю.А. Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиции в 1957 г. // МХЭ. – М.: Академия Наук СССР, 1960. Вып. 4. – С. 3–63.

12. Толстов С.П., Жданко Т.А., Итина М.А. Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиции АН СССР в 1958–1961 гг. // МХЭ. М.: Академия Наук СССР, 1963. Вып. 6. С. 3–91.

13. Утубаев Ж.Р., Болелов С.Б. Новые данные к изучению культуры древних земледельцев в низовьях Сырдарьи // Поволжская археология. – 2019. – № 3 (29). С. 159–170.

14. Утубаев Ж.Р., Болелов С.Б. Новые археологические открытия в низовьях Сырдарьи // Вестник Кемеровского государственного

университета. – 2016, – Вып. №1 (65). – Т. 4. – С. 56–63.

15. Утубаев Ж.Р., Суюндикова М.К., Касенова А.Д. Бәбіш мола 7 көзешілер елді мекеніндегі қыш ыдыстар // Отан тарихы. Ғылыми журналы №2 (90) 2020 ж. – 157-168 бб.

16. Утубаев Ж.Р., Отар Ә., Ерсариев А., Суюндикова М.К. Бәбіш мола оазисіндегі жерлеу орындарына жүргізілген зерттеулердің кейбір нәтижелері // ҚазҰУ хабаршысы, Тарих сериясы. №2(105), 2022 ж. – 31–46 бб.

References

1. Andrianov B.V. Drevniye orositel'nyye sistemy Priaral'ya (Ancient irrigation systems of the Aral Sea region). M: Nauka. 1969. 252 s.

2. Andrianov B.V. Iz istorii orosheniya v basseyne Aral'skogo morya (From the history of irrigation in the Aral Sea basin) // Aral'skiy krizis. M: In-t etnologii i antropologii im. N.N. Miklukho-Maklaya, 1991. S. 101–122.

3. Bolelov S.B., Utubayev ZH.R. Goncharnoye proizvodstvo na territorii drevney del'ty Syrdar'i v epokhu antichnosti: novyye dannyye (Pottery production on the territory of the ancient Syrdarya delta in the era of antiquity: new data) // KAZAKHSTAN ARKHEOLOGIYASY № 1 (7). 2020. S. 69–88

4. Kurmankulov ZH., Bolelov S.B., Utubayev Zh.R. Arkheologicheskiye issledovaniya na gorodishche Babish-Mulla 1 v 2018 g (Archaeological research at the site of Babish-Mulla 1 in 2018) // «Margulanovskiye chteniya-2019». Materialy Mezhdunarodnoy arkheologicheskoy nauchno-prakticheskoy konferentsii, posvyashchennoy 95-letiyu so dnya rozhdeniya vydayushchegosya kazakhstanskogo arkheologa K.A. Akisheva. – Nur-Sultan, 2019. S. 301–316

5. Litvinskiy B.A. Ukrasheniya iz mogil'nikov Zapadnoy Fergany (Decorations from Western Fergana burial grounds) // Mogil'niki Zapadnoy Fergany. III. M.: 1973. 211 s. + 19 tabl.

6. Moshkova M.G. Pamyatniki prokhorovskoy kul'tury (Monuments of Prokhorov culture). M.: Izd-vo AN SSSR, 1963. 56 s. + 32 tabl.

7. Tolstov S.P. Khorezmskaya arkheologo-etnograficheskaya ekspeditsiya AN SSSR 1945–1948 gg. (Khorezm Archaeological and Ethnographic Expedition of the Academy of Sciences of the USSR 1945–1948) // TKhE. M.: Akademiya Nauk SSSR, 1952. T. I. S. 16–31.

8. Tolstov S.P. Khorezmskaya arkheologo-etnograficheskaya ekspeditsiya 1955–1956 gg. (Khorezm Archaeological and Ethnographic Expedition 1955–1956) // SA. 1958. № 1. S. 106-134.

9. Tolstov S.P. Po drevnim del'tam Oksa i Yaksarta (Along the ancient deltas of the Oxus and Jaksart). M.: Vostochnaya literatura, 1962a. 322 s.

10. Tolstov S.P. Rezul'taty istoriko-arkheologicheskikh issledovaniy 1961 g. na drevnikh ruslakh Syrdar'i (Results of historical and archaeological research in 1961 on the ancient channels of the Syr Darya) // SA. 1962b. № 4. S. 124–148.

11. Tolstov S.P., Vorob'yeva M.G., Rapoport YU.A. Raboty Khorezmskoy arkheologo-etnograficheskoy ekspeditsii v 1957 g. (Works of the Khorezm Archaeological and Ethnographic Expedition in 1957) // MKhE. M.: Akademiya Nauk SSSR, 1960. Vyp. 4. S. 3–63.

12. Tolstov S.P., Zhdanko T.A., Itina M.A. Raboty Khorezmskoy arkheologo-etnograficheskoy ekspeditsii AN SSSR v 1958–1961 gg. (Works of the Khorezm Archaeological and Ethnographic Expedition of the USSR Academy of Sciences in 1958–1961) // MKHE. M.: Akademiya Nauk SSSR, 1963. Vyp. 6. S. 3–91.

13. Utubayev Zh.R., Bolelov S.B. Novyye dannyye k izucheniyu kul'tury drevnikh zemledel'tsev v nizov'yakh Syrdar'i (New data for the study of the culture of ancient farmers in the lower reaches of the Syr Darya) // Povolzhskaya arkheologiya. – 2019. – № 3 (29). S. 159–170.

14. Utubayev Zh.R., Bolelov S.B. Novyye arkheologicheskiye otkrytiya v nizov'yakh Syrdar'I (New archaeological discoveries in the lower reaches of the Syr Darya) // Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2016, – Vyp. №1 (65). – T. 4. – S. 56 – 63.

15. Utubayev Zh.R., Suyundikova M.K., Kasenova A.D. Babish mola 7 kozeshiler eldi mekenindegi kysh ydystar (Ceramics from the pottery settlements of Babish Mola 7) // Otan tarihy. Gylymi jurnaly. №2 (90) 2020 zh. 157-168 bb.

16. Utubayev Zh.R., Otar A., Yersariyev A., Suyundikova M.K. Babish mola oazisindegi zherleu oryndaryna zhurgizilgen zertteulerdin keibir natizheleri (Some results of the study of burials in the Babish-Mola oasis) // KazUU khabarshysy, Tarikh seriyasy. №2 (105), 2022 zh. 31-46 bb.

Утубаев Ж.Р.
Институт археологии им. А.Х. Маргулана
г. Алматы, Казахстан
e-mail: *utubaev_z@mail.ru*

НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ В КОМПЛЕКСЕ БАБИШ МОЛА

В статье публикуются результаты нескольких лет раскопок из комплекса Бабиш мола, который находится на территории древней дельты Сырдарьи, где во второй половине I тыс. до н.э. была распространена земледельческая Чирикрабатская археологическая культура. Бабиш мола был столичным центром саков, носителей чирикрабатской культуры IV-II вв. до н. э. Культура возникла на этой территории, безусловно, на местной основе, когда кочевые саки, заселявшие низовья Сырдарьи во второй трети I тыс. до н. э., переходят к оседлому земледельческо-скотоводческому способу ведения хозяйства, основанному на ирригационном земледелии. На Бабишмолинском комплексе открыт крупный производственный гончарный центр, загородное святилище и погребальные памятники, описание которых дано в статье.

Ключевые слова: *Сырдарья, Чирикрабатская археологическая культура, поселения, городище, мавзолей, хозяйство, материальная культура.*

Благодарности: Работа выполнена при финансовой поддержке Министерства образования и науки Республики Казахстан, ИРН AP09260367 *«Сельские поселения раннего железного века в низовьях Сырдарьи: хозяйство и быт».*

Utubayev Zh.
Margulan Institute of Archeology
Almaty, Kazakhstan
e-mail: *utubaev_z@mail.ru*

SOME RESULTS OF RESEARCH IN THE BABISH MOLA COMPLEX

The article publishes the results of several years of excavations at the Babish Mola complex, on the territory of the ancient delta of the Syr Darya, where the agricultural Chirikrabat archaeological culture was widespread in the second half of the 1st millennium BC. Babish Mola was the capital center of the Sakas, carriers of the Chirikrabat culture of the 4th-2nd centuries BC. The culture originated in this territory, of course, on a local basis, when the nomadic Sakas who inhabited the lower reaches of the Syr Darya in the second third of the 1st millenium BC, they are moving to a settled agricultural and cattle-breeding method of farming based on irrigation agriculture. A large production pottery center, a suburban sanctuary and funerary sites have been opened at the Babish Mola complex, a brief description of which is given in the article.

Keywords: *Syrdarya, Chirikrabat archaeological culture, settlements, settlement, mausoleum, farms, material culture.*

Acknowledgements: The work was carried out with the financial support of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, IRN AP09260367 *«Rural settlements of the early Iron Age in the lower reaches of the Syr Darya: economy and life».*